

"Медиа дамыту қоры" корпоративтік қоры

Қазақстан Республикасы, 010000,
Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы,
Дінмұхамед Қонаев көшесі, 4 ғимарат



Корпоративный фонд "Медиа дамыту қоры"

Республика Казахстан, 010000,
город Нур-Султан, район Есиль,
улица Динмухамед Конаев, здание 4

ПОСТ - РЕЛИЗ

Сараптамалық кездесу: COVID-19 БАҚ әлемін қалай өзгертті

26.06.2020

«Медиа дамыту қоры» корпоративтік қоры 2020 жылдың 26 мамырында қазақстандық жетекші медиа мамандармен және танымал журналистермен сараптамалық кездесу ұйымдастырды. Кездесудің басты мақсаты коронавирус пандемиясы салдарынан БАҚ редакцияларының тап болған басты мәселелері бойынша талқылау болды. Қордың негізгі қызметтерінің бірі медиа саланы сараптау және зерттеу болып табылады. Сараптамалық кездесу алғаш рет ZOOM алаңында өткізілген болатын. Корпоративтік қордың бас директорының алғысөзін ескеретін болсақ, сарапшылардың барлық пікірлер мен ұсынымдары Қормен өткізілетін сараптамалық материалдар мен әлеуметтік сауалнамаларда ескерілетін болады.

Кездесудің сарапшылары:

- informburo.kz және "Информбюро" бағдарламасының бас редакторы Михаил Дорофеев;
- "Хабар 24" телеарнасының шеф редакторы Андрей Тараков
- "Balapan" телеарнасының директоры Мақпал Жұмабай
- "Хабар" телеарнасының шеф редакторы Галина Алькешова
- "Aiqyn" газетінің бас редакторы Нұрмұхамед Байғара
- "Türkistan" халықаралық газетінің бас редакторы Қуат Әуесбай
- «Бас редакторлар клубы» ҚБ президенті Бибігүл Жексенбай
- "Медиа дамыту қоры" корпоративтік қорының бас директоры Евгений Кочетов.

Кездесудің модераторлары: "Медиа дамыту қоры" корпоративтік қорының өкілдері Махаббат Исенова, Қанар Ахметов.

Пандемияның салдарынан әлемнің барлық журналистері болып жатқан оқиғаларды ақпараттандыру және өз қызметтерін күнделікті орындау мақсатында жаңа тәсілдерді іздей бастады. Сонымен қатар, қызметі барысында ауырып қалмау да басты мақсат болды. informburo.kz ақпараттық ресурсының бас редакторы Михаил Дорофеев атап кеткендей, «Еліміздің интернет басылымдары жаңа формат жұмысына әбден дайын болған БАҚ өкілдерінің бірі еді». Спикердің ойынша материалды дайындауда жаңа тақырыптар мен жаңа форматтарды қолдану керек. Медиада соңғы жылдары актуалды болған барлық трендтерді коронакризис катализдеді. Соның ішінде, рейтинг пен трафикке тәуелділік. Бұл тәуелділік жалған кликбейтті әдісті, жылдам жаңалықты жасауды алдыңғы шепке қойып, аудиторияға баса назарды аудартпауды ұмыттырады. Салдарынан коронавирусқа қатысты жаңалықтардан аудитория жалығады.

«Хабар» телеарнасының шеф редакторы Галина Алькешова өз сөзінде: «Біздің жұмыстың құны мен мамандықтағы атағымыз біздің жасалған жұмыстар мен материалдарға пара-пар. Олар қаншалықты жақсы жасалса, соншалықты бағаланады. Материалдың сапасы төтенше жағдай режиміне байланысты емес.

Үйден шықпай да тексерілген сапалы материалдарды жасауға болады». Галинаның аталмыш пікірін «Хабар 24» телеарнасының шеф редакторы Андрей Тараков та қостады. «Хабар 24» телеарнасынан тек тексерілген және нақты ақпараттар беріліп отырды. Төтенше жағдай режимінде халыққа үздіксіз әрі тексерілген ақпаратты тарату үшін алдымен арна қызметкерлерінің жағдайын жасау керек болды. Арна басшылығы қызметкерлерге қажетті сұраныстардың барлығының орнын толтыра білді: блок постардан тысқары тұратындарға қызметтік пәтер де ұсынылды және жеке қорғаныш заттарымен қамтамасыз етілді.

Осындай қиын қыстау кезеңде тек журналистермен қатар, мемлекеттік органдардың баспасөз қызметкерлері де өз жұмыстарын бейімдей алды. Кейбір министрліктер мен ұйымдардың өкілдері өз комментарийлерін өздігінен телефон камерасына, әуесқой камераларға жазылды. Кейбірі “Skype”, “Zoom” алаңдары арқылы маңызды ақпараттарды онлайн режимінде де таратып жатты.

«БАҚ дамуының негізгі проблемалары» тақырыбындағы Қордың отандық БАҚ жетекшілері мен бас редакторлары арасында өткізген әлеуметтік зерттеуінің нәтижесінде респонденттердің 33.3% карантин режимі оларды БАҚ экономикалық жағынан әсер еткенін атап өтті. Карантин режимі өңірлік басылымдар қызметіне де кедергі болды (50%).

Қуат Әуесбайдың пікірінше, карантин Қазақстанның баспа БАҚ жағдайына өз әсерін тигізді. Соның ең актуалды мәселелері: азаматтық (әлеуметтік) журналистиканың дамуына назар аудару; Қазпошта қызметін, газет тарату тармағында, күшейту; мемлекеттік тапсырыс саясатын өзгерту мәселесін қарастыру және жаңа технологиялар (IT) мүмкіндіктерін максималды пайдалану.

Бүгінгі күні БАҚ қолда бар барлық қосымшамен, құрылғымен және тәжірибемен бәсекелестікте. БАҚ қашанда актуалды болып қалуы үшін жаңашыл ақпараттарға қосымша ретінде тиімді шешімдерді жиі ұсынып отыруы керек. Ақпаратты пайдаланушы жастар оны жеткізетін «конструктивті журналистиканы» қалайды.

Пандемия кезінде қалыптасып қалған тұжырым – коронавирус баспа БАҚ үшін шынайы қауіп. «Айқын» газетінің бас редакторы Нұрмұхамед Байғараның айтуынша, мұндай қауіп төнген жоқ. Алайда, баспа тілшілері ақпараттың толассыздығымен және оларды өңдеу үшін қажетті уақыттың тапшылығымен күресті. Карантин кезінде сараптамалық бағыттағы жұмыстар тоқтап, барлық жаңалықтар COVID-19 байланысты болды.

Мақпал Жұмабай “Balapan” мен “Ел арна” телеарналарында таратылған оқыту контенті – бейне сабақтардың ерекшелігі туралы атап өтті. Төтенше жағдайға байланысты мектептердің 4-тоқсаны онлайн режимде өткізілді. Телеарнаға қойылған басты міндет – 14 күн ішінде ҚР Білім және ғылым министрлігімен бірге оқыту контенті жасауға болды. Мобильді студиялар жасақталып, бейне сабақтардың түсірілімі ұйымдастырылды. “Balapan” телеарнасы 6 сәуір мен 22 мамыр аралығында жалпы хронометражы 228 сағаттан тұратын 1 109 бейне сабақты көрсетті. Бұл сабақтар еліміздің 87% территориясын қамтыды.

Пандемия мен карантин кезеңі келесі бағыттар бойынша өзгеру мен жинақталуды талап еткенін журналистер түсінді: жаңа форматтарды іздеу, өз жобаларын, сюжеттерін продюсерлеу, фактчекінгті жиі пайдалану және БАҚ әлеміндегі өз орнында белгілеу.